

## **Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының қаржылық қағидалары туралы келісімге қол қою туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 768 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 тамыздағы № 512 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.08.2018 № 512 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының қаржылық қағидалары туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ерлан Әбілфайызұлы Ыдырысов Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының қаржылық қағидалары туралы келісімге Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қойсын және оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 10 қыркүйектегі  
№ 768 қаулысымен  
мақұлданған

Жоба

## **Түркі мәдениеті және мұрасы қорының қаржылық қағидалары туралы КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Әзербайжан Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Түркия Республикасының үкіметтері

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

2009 жылғы 3 қазанда Әзербайжан Республикасының Нахчыван қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының IX Саммитінде қабылданған

Түркі мәдениеті және мұрасы қорын (бұдан әрі "Қор" деп аталатын) құру туралы шешіміне сәйкес

2012 жылғы 23 тамызда Бішкек қаласында қол қойылған Түркі мәдениеті және мұрасы қоры жарғысының (бұдан әрі "Жарғы" деп аталатын) 6-бабының ережелерін іске асыру мақсатында

Қорды Әзербайжан Республикасында орналастырудың шарттары мен рәсіміне қатысты Әзербайжан Республикасының Үкіметі мен Түркі мәдениеті және мұрасы қорының арасындағы қабылдаушы мемлекет туралы келісімге тиісті құрмет көрсете отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап Анықтама**

Осы Келісімде:

1) "Түркі кеңесі" Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін білдіреді;

2) "Тараптар" жарғыға қол қойған Түркі кеңесіне мүше мемлекеттерді білдіреді;

3) "СІМК" Түркі кеңесі Сыртқы істер министрлерінің кеңесін білдіреді;

4) "АЛТК" Түркі кеңесінің Аға лауазымды тұлғалар комитетін білдіреді;

5) "Қабылдаушы мемлекет" аумағында Қор орналасқан Қорға мүше мемлекетті білдіреді;

6) "Келісім" осы Түркі мәдениеті және мұрасы қорының қаржылық қағидалары туралы келісімді білдіреді;

7) "Президент" – Қордың президенті;

8) "Кеңес" – Қордың кеңесі, әрбір мүше мемлекеттен бір өкілден және Қордың президентінен тұратын бақылаушы орган;

9) "Хатшылық" – Қордың хатшылығы;

10) "Қордың қызметкерлеріне" президент, хатшылық және қызмет көрсетуші персонал жатады;

11) "асырауындағы адамдар" жұбайын (зайыбын), некеге тұрмаған 18 жасқа толмаған балаларын, сондай-ақ толық тәуелді ата-анасын білдіреді;

12) "Қордың ғимараты" өз функцияларын орындау үшін Қор пайдаланатын ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігін және іргелес аумақтарды білдіреді;

13) "қызмет көрсетуші персонал" шарт негізінде жалданған техникалық персоналдан тұрады;

14) "бюджет" Қордың міндеттері мен функцияларын іске асыруға арналған ақша қаражатын қалыптастыруды және оған иелік етуді білдіреді;

15) "қаржы жылы" күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып, 31 желтоқсанымен аяқталатын уақыт кезеңін білдіреді;

16) "жарналар" Тараптар үшін ағымдағы қаржы жылында Қор шығыстарын жабуға белгіленген сомаларды білдіреді;

17) "сыртқы аудит" Қордың қаржылық және экономикалық қызметін тексеруді білдіреді, оны СІМК тағайындайтын тәуелсіз аудитор/аудиторлар жүзеге асырады;

18) "кірістер" бюджетке жарналарды жинау нысанында Қор алған ақша қаражатын білдіреді;

19) "өзге де кірістер" жарналарды жинауды, қолма-қол валютадағы қайырымдылықтарды, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылында шығындарды тікелей өтеу нәтижесінде алынған сомаларды қоспағанда, барлық түсімдерді білдіреді;

20) "шығыстар" Қор өз міндеттері мен функцияларын қаржыландыру үшін бюджеттен жұмсайтын ақша қаражатын білдіреді;

21) "кандидаттарға шығыстар" кандидаттар үшін көліктік шығыстарды, қонақ үйде тұруға және тәуліктік шығыстарды білдіреді;

22) "айналым капиталының резерві" міндетті жарналар толық төленгенге дейін Қордың шығыстары үшін пайдаланылатын бюджеттің бір бөлігі болып табылады.

## **2-бап Жалпы ережелер**

Осы Келісім бюджеттің қаржыландыру көздерін, қалыптасу тәртібін, жүзеге асырылуын және есептілігін айқындайды.

## **3-бап Бюджет**

1. Қор бюджеті Қордың ұзақ мерзімді жобаларын орындау бойынша жыл сайынғы шығыстарды қоса алғанда, қаржы жылындағы ақшалай және/немесе басқа нысандағы барлық кірістер мен шығыстарды қамтиды.

2. Қор бюджетін президент әзірлейді және АЛТК мақұлдаған соң СІМК бекітеді.

3. Кірістер мыналарды қамтиды:

1) Тараптардың міндетті жарналары, бұлардың сомасын олардың төлем қабілеттілігін, Біріккен Ұлттар Ұйымына төлейтін жарналарының шәкілін және олардың ұқсас өңірлік ұйымдарға төлейтін қазіргі жарналарын ескере отырып, СІМК айқындайды. Алайда, Қабылдаушы мемлекеттің үлесі басқа мүше

мемлекеттердің үлесінен кем болмауға тиіс. Міндетті жарналар шәкілі СІМК қол қоятын жеке хаттамада көрсетіледі. Хаттамаға қажеттілігіне қарай өзгерістер енгізіледі;

2) гранттар;

3) Қор бюджетіне ерікті жарналардан түсетін, мөлшері шектелмейтін төлемдер;

4) Қордың мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейтін жағдайда, пайыздардан түсетін кірістер мен басқа да кірістерді қоса алғанда, басқа кірістер.

4. Шығыстар мыналарды қамтиды:

мәдени және ғылыми шығыстар:

1) зерттеу шығыстары; 2) жобалық шығыстар; 3) симпозиумдар, ғылыми конференциялар және кездесулер; 4) баспа шығыстары; 5) қосалқы мердігерлер – Қордың бейінді емес функцияларын сатып алу; 6) консалтингтік көрсетілетін қызметтер – Қордың бейінді емес консалтингтік көрсетілетін қызметтерін сатып алу;

қызметкерлерге арналған шығыстар:

президенттің өтемақысы, оның ішінде:

1) медициналық сақтандыру; 2) асырауындағы адамдарға жәрдемақы; 3) білім беру гранты; 4) тұруға арналған шығыстар; 5) ротация шығыстары; 6) демалыс; 7) өкілдік шығыстар; 8) әлеуметтік сақтандыруға ақы төлеу;

Хатшылық өтемақысы, оның ішінде:

1) медициналық сақтандыру; 2) асырауындағы адамдарға жәрдемақы; 3) білім беру гранты; 4) ротация шығыстары; 5) демалыс; 6) әлеуметтік сақтандыруға ақы төлеу;

қызмет көрсетуші персонал өтемақысы, оның ішінде:

1) медициналық сақтандыру; 2) әлеуметтік сақтандыруға ақы төлеу;

Қор қызметкерлері үшін қызмет аяқталған соң төленетін өтем;\*

қызметтік келісімшарт тоқтатылған жағдайда берілетін жұмыстан шығу жәрдемақысы;\*

Қор қызметкерлерінің іссапар шығыстары, оның ішінде тәуліктік, көліктік шығыстар және қонақ үйде тұру;\*

Қор қызметкерлерін оқыту;\*

кандидаттар шығыстары;\*

Қызметкерлердің тұрғын үй жалдауға (өзге қалалықтарды қоспағанда), асырауындағы адамдарды асырап-бағуға жәрдемақылар төлеуге, білім беру гранттарына байланысты шығыстары қабылдаушы елдің азаматтарына қолданылмайды;

әкімшілік шығыстар:

1) қызметкерлерді еңбек (функционалды) міндеттерін атқару уақытында жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша төлемдер және міндетті әлеуметтік сақтандыру; 2) Қор үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу; 3) Қордың жұмыс істеуі үшін қажетті кеңсе жабдықтары мен жиһаздарын, автомобиль көлігі мен басқа да құралдарды сатып алу; 4) ғимаратты, кеңсе жиһазын, жабдықтарды, автомобильдер мен басқа да құралдарды сақтау және жөндеу; 5) протоколдық шығыстар; 6) көлікті, қонақ үйде тұруды және тәуліктік шығыстарды қоса алғанда, Кеңсе мүшелерінің және Қор қызметкерлерінің іссапарларына байланысты шығыстар.

5. Қор қызметкерінің дәрежелері мен жалақыларына сәйкес қаржы жылындағы шығыстар көрсетілген Қордың штаттық кестесін Қор дайындайды және АЛТК мақұлдағаннан кейін СІМК бекітеді.

#### **4-бап Әкімшілік бюджет**

1. Бюджетке президент әкімшілік етеді.
2. Әр тараптың міндетті жарналарының нақты сомасы бюджетте көрсетіледі.
3. Бюджетке жыл сайынғы жарналар АҚШ долларымен есептеледі және төленеді.
4. Қор міндетті жарналарды бюджетке толық көлемде аудару мерзімі туралы СІМК-ні Түркі кеңесінің хатшылығы арқылы хабардар етеді.
5. Жарналар мүмкіндігінше қаржы жылының алғашқы тоқсаны ішінде төленеді. Алайда, ұлттық заңнамаға байланысты бұл мүмкін болмаған жағдайда, төлемдер төрт траншпен жасалуы және әр тоқсанның басында жүргізілуі мүмкін.

#### **5-бап Шығыстар сметасы**

1. Қор бюджеті қаржы жылындағы шығыстарды қамтитын құжат – шығыстар сметасына сәйкес атқарылады.
2. Қор бюджет жобасын жасайды және оны түсіндірме жазбамен, әр тармақ бойынша есептермен және негіздемелермен бірге жаңа қаржы жылының алдындағы жылдың бірінші жартысында Хатшылық арқылы СІМК-ге бекітуге жібереді.
3. СІМК келесі қаржы жылына арналған бюджетті ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін қарастырады және бекітеді. Алайда, егер бюджет жаңа қаржы жылының алдындағы жылы бекітілмесе, ағымдағы бюджет тиісті өзгерістер ескеріліп пайдаланылады.
4. Қолма-қол қаражатпен операциялар Қабылдаушы мемлекеттің ұлттық валютасымен және қолдануға болатын жағдайда, басқа елдердің валютасымен орындалуы мүмкін.

5. Жергілікті валютадағы шығыстар үшін бюджетке арналған айырбас бағамы Қабылдаушы мемлекеттің орталық банкі белгілеген алдыңғы жылдың орташа айырбас бағамдарының негізінде бағаланады.

6. Бекітілген бюджет шеңберінде Қор өз әрекетінің түсініктемесін қоса бере отырып, Тараптарды алдын ала хабардар ету арқылы жалақы бойынша баптарды қоспағанда, қаражатты бір баптан екіншісіне ауыстыра алады, бірақ мұндай ауыстыру баптардың жалпы санының 10 пайызынан аспауға тиіс. Егер хабарлама алынған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Тараптар қарсылық білдірмесе, ақшалай қаражаттың ұсынылған ауыстырылуы бекітілді деп саналады.

7. Қор бюджетінің қаржы жылының соңына дейін мақсаты бойынша пайдаланылмаған сальдосы келесі қаржы жылы бюджетінің кірісіне есепке алынуға тиіс. Әрбір мүше мемлекеттің жарналары тиісті түрде есептелуге тиіс және Тараптардың өздерінің жиынтық жарналарының есебіне беріледі.

8. Алдыңғы жылы жабдықтар мен ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарларды сатып алуға толық пайдаланылмауына байланысты 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық бюджет кейінге қалдырылған шоттарға ақы төлеу үшін пайдаланылуға тиіс.

## **6-бап Ақша қаражатын сақтау**

1. Президент Қордың ақша қаражаты сақталатын банк шоттарын белгілейді.

2. Қордың шоттары АҚШ долларымен және Қабылдаушы мемлекеттің ұлттық валютасында сақталады. Алдыңғы кезеңдегі шығыстардың айырбас бағамдарының бухгалтерлік есебі Қабылдаушы мемлекеттің орталық банкінің үш айлық орташа айырбас бағамына негізделеді.

## **7-бап Есептілік**

1. Президент Қордың қаржы ресурстарын бақылауды жүзеге асырады және оны басқару бойынша АЛТК арқылы СИМК-нің алдында есепті болады.

2. Президент АЛТК арқылы СИМК-ге әр қаржы жылы үшін жылдық есепті/баяндаманы өткен қаржы жылынан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей ұсынады.

3. Әр қаржы жылының соңында қолма-қол қаражат қалдығы кірістердің шығыстардан асып түсуін есептеу арқылы анықталады. Бюджеттің қолма-қол қаражаты жетіспеген жағдайда, президент АЛТК арқылы СИМК-ні хабардар етеді және қажетті қаржылық шараларды қабылдау үшін ұсыныстар жасайды.

## **8-бап Аудит**

1. Қордың қаржылық қызметінің сыртқы аудиті әр бюджет кезеңінің соңында жүргізіледі. Аудитті АЛТК мақұлдаған соң СІМК уәкілеттік берген халықаралық деңгейдегі беделі бар тәуелсіз аудиторлық компания жүргізеді. Президент сыртқы аудитті жүргізуге уәкілетті компанияға қажетті барлық құжаттарды ұсынады.

2. Сыртқы аудит жүзеге асырылғаннан кейін президент аудиторлық есепті барлық Тараптарға жібереді.

## **9-бап Айналым капиталының резерві**

1. Айналым капиталының резерві бюджеттің бір бөлігі болып табылады және жыл сайынғы міндетті жарналар алынғанға дейін бюджеттің шығыстарын қаржыландыру үшін ғана пайдаланылады.

2. Айналым капиталы резервінің сомасы жылдық бюджеттің 1/4 бөлігіне тең мөлшерде белгіленеді. Жыл сайынғы міндетті жарналар алынғаннан кейін аванс айналым капиталының резервіне қайтарылады.

## **10-бап Қорытынды ережелер**

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың аяқтағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім басқа қол қоюшы үшін депозитарий ратификациялау грамотасын алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

3. Қосылған мемлекет үшін Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

4. Әзербайжан Республикасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады. Депозитарий Тараптарды дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің күшіне енген күні, сондай-ақ тиісті Тараптардан ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты алғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

5. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.

6. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша осы баптың 1-тармағында баяндалған рәсімге сәйкес күшіне енетін жеке хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

7. Тараптардың әрқайсысы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта осы Келісімнен шыға алады. Бұл Тарапқа қатысты осы

Келісімнің қолданысы депозитарий осындай хабарлама алған күннен бастап 6 ай өткен соң тоқтатылады.

201 \_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында әзербайжан, қазақ, қырғыз, түрік және ағылшын тілдерінде бір төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып табылады. Келіспеушілік болған жағдайда ағылшын тіліндегі нұсқаның басым күші болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Әзербайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Түркия Республикасының

Үкіметі үшін